

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде іске асырылатын бағдарламаларды өңірлік қолдау) - Қазақстан" жөніндегі қаржылық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1333 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде іске асырылатын бағдарламаларды өңірлік қолдау) - Қазақстан" жөніндегі қаржылық келісімнің жобасы оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Виктор Васильевич Супрунға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде іске асырылатын бағдарламаларды өңірлік қолдау) - Қазақстан" жөніндегі қаржылық келісімге оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесімен бірге қол қоюға өкілеттік **б е р і л с і н .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

БІРНЕШЕ ЕЛДЕРДІ ҚАМТИТЫН БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМ АРНАЙЫ ШАРТТАР

Бұдан әрі "Комиссия" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы ұсынған, бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастық бір тараптан және бұдан әрі "Бенефициар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі екінші **т а р а п т а н**

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-БАП - ОПЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Қоғамдастық ІІ қосымшадағы Техникалық және әкімшілік ережелерде жазылған бұдан әрі Бағдарлама деп аталатын 2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: Ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламаларға өңірлік қолдау) - Қазақстан қаржыландыруға өз үлесін қ о с а д ы 1 .

1
Бұл дата жақтармен келісілген жобаларды іске асыруға Еуропалық Одақпен бюджетті бөлген жылға қ а т ы с т ы

1.2. Бұл Бағдарлама қаржылық келісімге және оның қосымшаларына: Жалпы шарттар (І қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (ІІ қосымша) сәйкес орындалады.

2-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЛЕСІ

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 3,4 миллион Еуроға бағалануда.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 3,4 миллион Еуро бөлуді міндеттенеді. Бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу ІІ қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелеріне қосылған бюджетте көрсетілген.

3-БАП - БЕНЕФИЦИАРДЫҢ ҮЛЕСІ

3.1. Бенефициар Бағдарламаға қаржылық үлес қоспайды.

3.2 Бенефициардың қаржылық емес үлесі бойынша Техникалық және әкімшілік ережелерде, қаржылық келісімге ІІ қосымшада егжей-тегжейлі уағдаластықтар жасалады.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ КЕЗЕҢІ

Қаржылық келісімнің орындалу кезеңі қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталады және 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Аталған орындалу кезеңі екі кезеңнен: қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталатын және 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын операциялық іске асыру кезеңінен тұрады. Және осы күннен бастап орындалу кезеңінің соңында аяқталатын аяқталу кезеңі басталады.

5-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттарға ең кеш дегенде 2008 жылдың 27 желтоқсанында қол қойылады. Бұл соңғы мерзім ұзартылмайды. Осы ереже кеш қол қою болып аудит және келісім шарттарды бағалауға жайылмады.

6-БАП - МЕКЕН ЖАЙЛАР

Қаржылық келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар жазбаша түрде, бағдарламаға арналған нақты сілтемесі болуы және мына мекен жайлар бойынша ж і б е р і л у і т и і с :

а) К о м и с с и я ү ш і н

Mr. Richard WEBER
Director
EuropeAid Co-operation Office
Commission of the European Communities
Rue de la Loi 200
B-1049 Brussels Belgium
Fax: +32 2 295 74 82

б) Бенефициар үшін
Виктор Супрун мырза
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
вице-министрі
Қазақстан Республикасы
010000, Астана
Жеңіс даңғылы - 11, каб 922
Тел: +7 (3172) 71 85 44

Факс: +7 (3172) 71 85 45

7-БАП - ҚОСЫМШАЛАР

7.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

I қосымша: Жалпы шарттар
II қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

7.2. Қаржылық келісімнің Қосымшалары мен Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылық болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. I қосымша мен II қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда I қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

8-БАП - БАҒДАРЛАМАҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА АРНАЙЫ ШАРТТАР

8.1. "Жалпы шарттар" мынадай ережелермен толықтырылды:

8.1.1. 1-ші қосымша "Жалпы шарттардың" 3.1-бабына қатысты, іске асыру бенефициардың мүддесіне жүзеге асырылады деп ұйғарылып отыр.

8.2. "Қаржылық келісімге қатысты Жалпы шарттардың" басқа баптары осы Қаржылық келісімге қосымша берілген "Жалпы шарттарымен" алмастырылған.

9-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

Осы Қаржылық келісім оған қол қойған екі тараптың соңғысының қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Қаржылық келісім Брюссельде үш түпнұсқада ағылшын тілінде жасалды, екі данасы Комиссияға және бір данасы Бенефициарға жіберілуге тиіс.

КОМИССИЯ ҮШІН

Ричард Вебер мырза
Директор

БЕНЕФИЦИАР ҮШІН

Виктор Супрун мырза
Қазақстан Республикасы

Еуропалық Комиссия

Брюссель

Күні:

Экономика және бюджеттік

жоспарлау вице-министрі

Астана

Күні:

I ҚОСЫМША - ЖАЛПЫ ШАРТТАР I ТАРАУ - ЖОБАНЫ/БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесі қаржылық келісімде айқындалған сан ш е г і н д е б о л у ы т и і с .

1.2 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесін беру Бенефициар қаржылық келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда жүргізілуге тиіс.

2-БАП - АРТЫҚ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ЖАБУ

2.1 Қаржылық келісім бюджетінің жекелеген баптары бойынша артық шығын аталған "Жалпы шарттардың" 17-бабына сәйкес жалпы бюджет ішінде қаражатты қайта б ө л у а р қ ы л ы ж а б ы л у ы т и і с .

2.2 Қаржылық келісім бойынша айқындалған қаражаттың жалпы санының артық шығын тәуекелі кезінде Комиссия жобаны/бағдарламаны қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастықтардың ресурстарынан өзгеше басқа да ресурстарды тартуы мүмкін.

2.3 Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығынын Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда қосымша қаржы субсидияларын ұсынуы мүмкін. Мұндай келісім болған кезде шығыстардың артық қалуы Комиссия айқындаған мөлшерде қосымша қаржы үлес есебінен Қоғамдастықтардың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қайта қаржыландырылуы мүмкін.

II ТАРАУ - ІСКЕ АСЫРУ

3-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Еуропалық Комиссия іске асырады.

3.2 Делегация басшысы Бенефициардың мемлекетінде Еуропалық Комиссияны білдіреді.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ

4.1 Қаржылық келісімде қаржылық келісімнің күшіне енген күнінен басталатын және "Арнайы шарттардың" 4-бабында көрсетілген күнге сәйкес аяқталатын орындалу мер з і м і к ө р с е т і л у і т и і с .

4.2 Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

- барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шеңберде практикалық іске асыру кезеңі. Аталған кезең қаржылық келісім күшіне енген күнінен басталады және орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;

- түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан қаржылық келісім бойынша барлық келісім-шарттар жабылатын қорытынды кезеңі. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі аяқталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.3 Негізгі іс-шаралар бойынша шығыстарды олар практикалық іске асыру кезеңі ішінде туындаған жағдайда ғана Комиссия қайта қаржыландыруы мүмкін. Түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізу жөніндегі шығыстар қорытынды кезеңнің аяғына дейін заңды болып табылады.

4.4 Қоғамдастық қосқан үлестен кейін қалған кез келген теңгерім орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.5 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда практикалық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау практикалық іске асыру кезеңінің соңына дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

4.6 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда және практикалық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау қорытынды кезеңнің соңына кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

III ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР МЕН ГРАНТТАР БЕРУ

5-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қаржылық келісімді іске асыратын барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін Комиссия айқындаған және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

6-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРАТЫН КЕЛІСІМ- ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ МЕРЗІМІ

6.1 Қаржылық келісімді іске асыратын келісім-шарттарға Комиссия бюджеттік міндеттемені қабылдағаннан кейін үш жыл ішінде, атап айтқанда "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген күнге дейін екі тарап қол қоюға тиіс. Аталған түпкілікті мерзім ұзартылмайды.

6.2 Жоғарыда көрсетілген ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау іс-шараларын жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

6.3 "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген мерзімде қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4 Келісім-шарт, оған қол қойғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмес қаражатты алып қоюмен оның қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

7-БАП - ЗАҢДЫЛЫҒЫ

7.1 Жұмыстарға, қызметтерге немесе жеткізулерге арналған келісім-шарттарды беру жөніндегі тендерге шақыруларға қатысу Қоғамдастықтарға мүше қатысушы мемлекеттердің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші бенефициар-елдердің барлық жеке және заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген кез келген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы тиіс.

7.2 Өтінім беру конкурсына қатысу Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің барлық заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең ашық болуы тиіс.

7.3. Комиссия мақұлдаған ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда, ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше шарттары негізінде 1 және 2-параграфтарда көрсетілгеннен басқа үшінші елдердің өкілдеріне келісім-шарттарды беру тендерлеріне қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдануы мүмкін.

7.4 Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстарға, жеткізулер мен қызметтерге арналған келісім-шарттарды орындау үшін қажетті тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ қаржыландырылатын іс-шараларды орындау үшін гранттарды алушылар ұйымдастырған сатып алу рәсімдері алдағы үш параграфтарда жазылған шарттарда қатысуға құқығы бар елдерде өндірілуі тиіс.

7.5 Аталған азаматтық ережесі сондай-ақ Қоғамдастықтар қаржыландыратын тендерлік рәсімдерге немесе қызметтерге арналған келісім-шарттарға қатысушы қызметтерді жеткізушілер ұсынған сарапшыларға қолданылуы тиіс.

IV ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕ

8-БАП - ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫ

8.1 Келісім-шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге және қызметтерге арналған келісім-шарттарды беруге арналған тендерлік рәсімдерге шақыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Бенефициар елде тұру құқығына ие болуы тиіс. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды болуы тиіс.

8.2 Келісім-шартты орындау үшін қызметтері қажетті мердігерлер (грант алушыларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болуы тиіс.

9-БАП - САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 "Арнайы шарттарда" арнайы жазылған жағдайларды қоспағанда Қоғамдастықтардың қаржылай көмегі салықтық, кедендік немесе басқа да баждардан (қосылған құн салығынан немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды қоса алғанда) б о с а т ы л у ы т и і с .

9.2 Бенефициар ел Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алатын келісім-шарттарға немесе гранттарға қатысты елде әрекет ететін мемлекеттік немесе халықаралық донорлық ұйымдарға қолданатын неғұрлым жеңілдікті салық және кедендік рәсімдерді қ о л д а н у ы т и і с .

9.3 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

10-БАП - ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

10.1 Бенефициар ел жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны әкелуді немесе сатып алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол, сондай-ақ аталған Жалпы шарттардың 7-бабына сәйкес қатысуға рұқсат алған мердігерлерге қатысты кемсітусіз шетелдік валютаны ресми айырбастау ережесін қолдануға міндеттенеді.

10.2 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

11-БАП - ЗЕРТТЕУЛЕР БАРЫСЫНДА АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Егер қаржылық келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, қаржылық келісімді іске асыру үшін қол қойылған аталған зерттеулерді жүргізу жөніндегі жасалған келісім-шарттар зерттеуге арналған меншік құқығын және алынған деректерді пайдаланудағы, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа берудегі Бенефициар мен Комиссияның құқығын басқару тиіс.

12-БАП - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР БОЙЫНША ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ

12.1 Дұрыс жүргізілмеген төлемдерден қалпына келтірілген немесе алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктерден немесе осы қаржылық келісім бойынша қаржыландырылатын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен алынған қаражат жобаға/бағдарламаға берілуі тиіс.

12.2 Келісім-шартты бекітетін сатып алу келісім-шартының контекстінде тендер қатысушыларына тарап салған алынып тасталуы мүмкін қаржы айыппұлдары, тендерлік кепілдіктер сауалы, сондай-ақ Комиссияға келтірілген залалды өтеу Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне жүргізілуі тиіс.

V ТАРАУ - НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-БАП - ӘРЕКЕТТІҢ ТҮСІНДІРУІ

13.1 Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті коммуникациялық және ақпараттық іс-шараларды басшылыққа алуы тиіс. Осы іс-шаралар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2 Аталған коммуникациялық және ақпараттық іс-шаралар бұл іс-шараларды іске асыру кезінде әрекет ететін сыртқы іс-шаралардың көрінісін қамтамасыз ету үшін Комиссия баяндаған және жариялаған ережеге сәйкес өткізілуі тиіс.

14-БАП - БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ, АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

14.1 Бенефициар бұзушылықтарды және алаяқтықты болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау және Комиссияның сұрауы бойынша мақсатсыз жұмсалмаған қаражатты қайтару үшін шағым беру тиіс. Бенефициар қабылданған шаралар туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

14.2 "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе Қоғамдастықтар басқаратын қаражатқа Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік қаражаты немесе ақталмаған шығыстар есебінен алынған табысты азайту немесе жоғалту түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін экономикалық субъектінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінетін қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтардың заңдары ережелерінен кез келген ауытқуды білдіреді.

"Алаяқтық" дегеніміз:

- Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетінің немесе Қоғамдастықтар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес құжаттаманы немесе мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты жасыруға;

- осындай қаражатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3 Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді. "Пассивті сыбайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған

кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді. "Белсенді сыбайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғаға жеке ол үшін немесе үшінші тарап үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзуда өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

15-БАП - КОМИССИЯ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ БӨЛІМІ (СЖҚКЕБ) ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ЕСЕП ПАЛАТАСЫ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ

15.1 Бенефициар Комиссия, СЖҚКЕБ және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы қаржылық келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтардың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізу мүмкіндігімен келіседі.

15.2 Бенефициар, сондай-ақ СЖҚКЕБ-ның жергілікті жерлерде Қоғамдастықтардың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүддесін қорғау үшін тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3 Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, СЖҚКЕБ-ның және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, қаржылық келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар өткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Комиссияның, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіпте тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасына олардың нақты орналасқан жері туралы х а б а р л а у ы т и і с .

15.4 Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтардың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да қ о л д а н ы л у ы т и і с .

15.5 Бенефициар жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы агенттерінің келетіні туралы хабардар етілуі тиіс.

16-БАП - КОМИССИЯ МЕН БЕНЕФИЦИАР АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

16.1 Бенефициар мен Комиссия қаржылық келісімнің баптарын іске асыру немесе түсіндіру туралы даулы мәселелер туындағанға дейін бірі-біріне консультация беруі қ а ж е т .

16.2 Бұл консультациялар қаржылық келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келуі мүмкін.

17-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ

17.1 Арнайы шарттарға және қаржылық келісімнің II қосымшасына енгізілетін кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және қосымшада рәсімделуі тиіс.

17.2 Егер түзетуге сұрауды Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Алушының уақтылы негіздемелері болған және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы түзетудің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын сұрау с а л у ы т и і с .

17.3 Іске асырудың практикалық кезеңі мен қорытынды кезеңін ұзартудың ерекше жағдайлары аталған Жалпы шарттардың 4(5) және (6)-баптарында баяндалған.

18-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТА ТҰРУ

18.1 Қаржылық келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

(а) егер Алушы осы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(б) егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол берілген жағдайларда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы м ү м к і н .

(в) Қаржылық келісім төменде көзделген форс-мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс-мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қиындықтар форс-мажор ретінде пайдаланылмайды. Тарапқа міндеттемелерін орындауға форс-мажорлық жағдай кедергі

болған кезде, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс-мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауы қажет.

18.2 Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала хабарлама берілмейді.

18.3 Тоқтата тұру туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

19-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ БҰЗУ

19.1 Егер қаржылық келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, қаржылық келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2 Егер қаржылық келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде қандай да бір төлемдер жүргізілмесе немесе "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген күнге оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, қаржылық келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3 Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

20-БАП - ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

20.1 Аталған Жалпы шарттардың 16-бабында баяндалған тараптар арасындағы консультациялардың алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес қаржылық келісімге қатысты кез-келген пікірсайыс бір тараптың сұрауы бойынша арбитражда қаралуы мүмкін.

20.2 Бұл жағдайда, әрбір тарап арбитражды жүргізуге арналған сұраудан кейін 30 күннің ішінде арбитрді тағайындауы қажет. Қажет болған жағдайда, тараптардың біреуі екінші арбитрді тағайындау жөніндегі өтінішімен Тұрақты арбитраж сотының Гаагадағы Бас хатшысына өтініш жасауы мүмкін. Өз кезегінде, екі арбитр 30 күннің ішінде үшінші арбитрді тағайындайды. Қажет болған жағдайда, кез-келген тараптың біреуі Тұрақты арбитраж сотының Бас хатшысына үшінші арбитр тағайындау жөнінде өтініш жасауы мүмкін.

20.3 Егер арбитрлар басқа шешім қабылдаса, онда Тұрақты арбитраж сотының Халықаралық ұйымдарды тарта отырып арбитражды жүргізудің факультативтік ережелері бойынша рәсімдер пайдаланылады. Арбитрлардың шешімдері үш айдың ішінде басым дауыспен қабылдануы тиіс.

20.4 Тараптардың әрқайсысы арбитрлардың шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖОБАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШЛІК ҚОСЫМШАЛАР

Бенефициар: Қазақстан Республикасы

Атауы: 2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС
іс-әрекеттер бағдарламасы (2-бағыт: өңірлік
ынтымақтастық)

Жоба No: 2005/017-613 және SI.417613

2 ҚОСЫМША - ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚОСЫМШАЛАР

Құны және қаржыландыру

Бағдарлама қызметтің түрлі салалары бойынша мынадай түрде бөлінген 3,4 миллион еуро мөлшеріндегі Қауымдастық гранты бойынша қаржыландырылатын б о л а д ы :

N Бағдарламалар атауы	Бюджет(млн.еуро)	1-бағыт: Өңірлік бағдарламалар
Мәлімет үшін		
Бірнеше елдерді қамтитын бағдарламалар бойынша		
Қаржылық келісімге сәйкес		
2-бағыт Өңірлік деңгейде орындалатын бағдарламаларды өңірлік қолдау		3,4
1. Темпус III бағдарламасы	2,00	
2. Институционалдық дамудағы әріптестік жөніндегі ТАСИС бағдарламасы (ИДСБ)		1,4

ЖИЫНЫ 3,4

ЕК салымдары бойынша барлық төлемдерді Комиссия жүргізетін болады

Бағдарламаны орындау

Іс-әрекеттер бағдарламасы мынадай элементтерге сәйкес іске асырылатын болады:

Өңірлік құрауыш бойынша (1-бағыт) бірнеше елдерді қамтитын бағдарламалар бойынша бөлек қаржылық келісімге қол қойылады.

Жобаларды іске асыру орталықтандырылып жүргізіледі, сондықтан Жалдаушы орган Еуропа Комиссиясы болады.

2.1. Есептілік

Жобаларды іске асыру жөніндегі есептілікті ЕК-тың стандарт форматтарына сәйкес және ЕК-тің қадағалауымен тендерді ұтып алған мердігерлер береді.

2.2. Мониторинг, бағалаулар және аудиттер

Мониторинг, бағалаулар және аудиттер қоса беріліп отырған қысқаша жобаларды сипаттауға сәйкес жүргізілетін болады.

Мемлекеттік міндеттемелер. Шарттар.

Көмек жәрдем көрсетудің бүкіл мерзімі ішінде ынтымақтастықтың жалғасатынына негізделген міндетті элементтер болған кезде жүзеге асырылады, атап айтқанда, бұл

демократия мен адам құқығы принциптерін, сондай-ақ Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген міндеттемелерді сақтағанға қатысты.

9 ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Атауы	Орталық Азиядағы Темпус бағдарламасы		
Жалпы құны	10 миллион еуро (ЕО салымы) (Қазақстанға 2 млн. еуро, Қырғызстанға 2 млн. еуро, Тәжікстанға 2 млн. еуро, Өзбекстанға 2 млн. еуро, Түрікменстанға 2 млн. еуро)		
Көмек көрсету әдісі	Жобалық көзқарас - орталықтандырылған басқару		
DAC-коды	11400	Сектор: Білім	Өтпелі кезеңнің әлеуметтік салдарлары

1. Негіздеме

Темпус бағдарламасы (Университет білімі үшін трансевропалық ұтқырлық тетігі) Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде университетаралық ынтымақтастықты дамыту жолымен жоғары білім жүйесін реформалау және жаңғырту үшін 1990 жылы басталған болатын. Қазіргі сәтте бағдарламаның үшінші кезеңі іске асырылуда (2000-2006жж.), ол әуелі КСРО-ға, сосын Балкан елдеріне және 2002 жылы Ортажер теңіз елдеріне т а р а т ы л д ы .

Темпус бағдарламасы бағдарламаға қатысуға құқығы бар елдер арасында қатынасты нығайтуға тереңдетуге бағытталған. Осыған байланысты, ол жоғары білім секторында жалпы мақсаттарды өзара түсінуді кеңейтеді және елдерге жоғары білімнің жоғары стандарттарына қол жеткізу қажеттілігін түсінуге көмектеседі.

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Соңғы жылдары Орталық Азияның ұлттық биліктері жоғары білім реформасын ұлттық даму стратегиясын қолдау жөніндегі өздерінің қызметтерінің басымдығы санына қосқан, жоғары білім артықшылықты даму құралы ретінде болашақ ұрпақ үшін ең жақсы келешекті қамтамасыз етеді. Кейбір елдерде халықтың жартысынан көбі 20 жастан жас адамдар екенін ескерсек, білім беруді реформалау маңызды рөл атқарады.

Орталық Азияда соңғы 10 жылда пайда болған саяси және әлеуметтік-экономикалық трансформация процесі, тұтастай алғанда білім беру секторы үшін жаңа талаптарды белгілейді. Білім беру және оқыту транзиттік экономикаларды жаңғыртудың маңызды ингредиенті болып табылады, себебі "білімге негізделген" экономикалар жоғары білікті жұмыс күшін талап етеді. Бұл өзгерістер өңірлерде жоғары білімді тез жаңарту және жаңғырту қажеттілігін тудырды.

Темпус бағдарламасы жоғары оқу орындары арасында арасындағы ынтымақтастық негізінде ЕО және ТАСИС елдері арасындағы қатынасты нығайтуға және тереңдетуге бағытталған. Бұл ынтымақтастық білім беру процесіне және институционалдық потенциалды дамытуға көмектесе алады, осылайша, ол жанама түрде жоғары білім секторын жаңғыртуға септігін тигізетін болады.

1.2. Алынған сабақтар

2003 жылы өткізілген Темпус бағдарламасының үшінші кезеңін орта мерзімді бағалау Темпус жоғары білімді жүйелік реформалаудың қосымша құралы болып табылатынын көрсетті, Ол білім беруге және мәдениетаралық диалогқа септігін тигізеді. Ортамерзімді бағалау мыналарды қоса алғанда, бірқатар акцияларды өткізуді ұсынды:

- Темпустың негізгі басымдығы жұмылдыруды дамыту, оқыту бағдарламаларын алмасу және инновация;

- Серіктес елдердің білім беру органдарымен неғұрлым құрылымдалған диалог арқылы елдің нақты басымдықтарын неғұрлым анық қалыптастыру;

- тікелей мәселелер ретінде оларды ескере отырып, көлденең академиялық мамандандыруларды емес, ұлттық басымдықтардың іс жүзіндегі мәнін арттыру.

Орта мерзімді бағалаудың негізді ұсынымдары 2005 жылғы бағдарламаны қабылдау кезінде назарға алынды. 2004 жылы көктемде өңірлік және ұлттық контекстерге сәйкес басымдықтарды анықтау үшін неғұрлым құрылымдалған диалог жүргізілді. Бұл басымдықтар конкурсқа қатысушыларға арналған басшылыққа алатын өтінімдерге қосымшада жарияланды.

1.3. Қосымша іс-әрекет жасау салалары

Азия Даму Банкі, Дүниежүзілік Банк, ЮНЕСКО/ЮНИСЕФ, Сорос Қоры және Ага Хан Қоры Орталық Азия білім беру секторының ірі донор/қатысушылары болып табылады, алайда әдетте олар өз инвестицияларын кедейлікті азайтуға бағытталған негіздік білім беру мен ерте дамыту секторында шоғырландырады. Жоғары білім беру секторы академиялық алмасу мүмкіндіктерін беретін агенттіктердің шектеулі ауқымын білдіретіннен басқа қандай да бір елеулі қолдауды алмайды.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Көптеген елдерде жобалау ұсынысы донорлардың үйлестіру кездесуі кезінде серіктес елдердегі ЕО елдеріндегілерді қоса алғанда барлық донорлардың арасында ұсынылды және таратылды. Орталық Азияның барлық елдерінде құрылған Темпустың ұлттық бюролары Темпустың түрлі жобалары арасында желі құруға және Орталық Азияның бес елінде жоғары білім беру саласында жұмыс істейтін басқа да донорлармен үйлестіруге ықпал етеді.

2. ӨНДІР БОЙЫНША КОНТЕКСТ

2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Орталық Азияда жоғары білім беруді жаңғырту адами ресурстарды дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және білімге негізделген экономикада толық қатысуға ықпал етеді.

2.2. Секторлық контекст

Орталық Азияның көптеген елдері білім беру саласындағы реформаларға басшылық етті, жаңа стратегиялық қағидаттарды әзірледі және ол қазіргі заманғы қоғамның

қажеттіліктеріне және ашық экономикаға жауап беруі үшін жоғары білім беру секторының міндетін қайта анықтауды бастады.

Заңнамалық қағидаттарды әзірлеу және ЕО жоғары білім беруді дамытуға (Болондық процесс) қызығушылықты арттыру үшін қолданылатын күштерге қарамастан сектор күрделі қиындықтарды бастан кешіруде:

- Саясатты және құрылымдық өзгерістерді іске асыруға қатысты жүйелерді жоғары орталықтандыру;

- Университеттердің рөлі мен қызметін қазіргі заманғы түсіну жеткіліксіздігі;

- Оқу жоспарларының еңбек нарығының жаңа талаптарымен әлсіз байланысы;

- академиялық әлем мен өңірдегі кәсіпорындар арасындағы әлсіз өзара байланыс;

- ірі реформаларды тиімді жүзеге асыру үшін министрліктер мен университеттердің деңгейінде персоналдың жеткіліксіз біліктілігі;

- Жоғары білім сапасының төмендеуі;

- Жоғары білім беру және тұтастай алғанда білім беру үшін бөлінетін бюджет қаражаты үлесінің аянышты азаюы.

Төменнен жоғары көзқарасының негізінде Темпус бағдарламасы төменгі деңгейде жаңғыртуға серпін беру және түрлі мүдделі тараптарға ЕО жоғары білім беру секторына қол жеткізу негізінде пайда алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында (яғни Болондық процесс) ЕО пен Орталық Азия университеттері арасында білім беру мен алдыңғы қатарлы іс-тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді. Алайда, бүгінгі күнгі жеткіліксіз сектор бойынша қаржыландырудың үрдісі кезінде бұл елдер өзінің құрылымдық табиғатына байланысты Темпустың шеңберінен және мақсаттарынан тыс реформалау жөніндегі қажетті шараларды талап ететін жүйелік реформаларды талап етеді.

3. СИПАТТАМАСЫ

3.1. Мақсаттары

Темпус бағдарламасы бастысы мыналарға бағытталған:

- жоғары білім беру саласындағы университеттер мен адамдарға ЕО баламалы мекемелерімен ынтымақтастық арқылы алдыңғы қатарлы тәжірибе алмасу және білім алмасу мүмкіндігін беру жолымен білімге негізделген адами ресурстарды дамыту және қоғамды құру;

- Үздік өзара түсіністікке қол жеткізе отырып және мәдениетті бірге қоса отырып ЕО мен тиісті елдердің университеттері арасында ынтымақтастықтың үздік желісін құру.

Мыналар Темпустың нақты мақсаттары болып табылады:

- жоғары оқу орындарын қайта құрылымдауға көмек көрсету;

- саясат пен стратегияларды әзірлеу және іске асыру саласында университеттер мен білім беру саласы құрамын қолдау;

- өтпелі кезең және реформалар процесі бойынша оқыту жүргізу және көмек

к ө р с е т у ;

- жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын жаңғыртуға жәрдемдесу және студенттердің мұқтажына бағытталған оқыту әдістерін енгізу;

- академиялық орталар мен басқа да экономикалық қызмет субъектілері арасында желі құруды көтермелеу.

3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет салалары

- Өңірдің жоғары оқу орындары серіктес елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени қажеттіліктеріне жақсы жауап бере алады;

- Жоғары оқу орындарын дамыту процестеріне жәрдемдесу, сондай-ақ оларға басшылық етуді құру және жақсарту;

- Экономикалық реформалар контекстінде қажет біліктіліктер мен дағдылар арасында, атап айтқанда өндіріспен байланысты жақсарту және кеңейту жолымен с ә й к е с т і к т і ж а қ с а р т у ;

- О қ у ж о с п а р ы н ж а ң а р т у .

Темпус бағдарламасы қызмет саласының үш түрін қаржыландыратын болады:

- Бірлескен еуропалық жобалар (JEP)

JEP үш түрі бар: оқу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жобалар, университеттерді басқару жөніндегі жобалар, институционалдық дамытуға арналған оқу курстары. Гранттар екі немесе үш жыл ішінде ынтымақтасатын институттардың консорциумдарына бөлінетін болады (тым болмағанда қатысуға құқығы бар елдердің бір жоғары оқу орны және ЕО екі мүше-елдің екі институты, олардың тым болмағанда біреуі жоғары оқу орын болуы тиіс).

- Жеке жұмылдыру гранты (IMG)

Жоғары оқу орындарының мұғалімдеріне, зерттеушілеріне, оқытушыларына, әкімшілеріне, білім беру саласында жоспарлаумен айналысатын тұлғаларға және басқа да сарапшыларға арналады, бұл гранттар жоғары білім беруді дамыту мен олардың сапасын ынталандыру үшін шетелге сапарлардың шектеулі кезеңдерін қаржыландыруға бағытталған.

- Құрылымдық және қосымша шаралар (SCM)

Гранттар жалпы мақсаттарды қолдауға іс-әрекеттердің кейбір бірқатар қосымша салалары бойынша берілетін болады, олар мыналарды қамтиды:

- Жоғары оқу орындарын стратегиялық жоспарлау мен институционалдық дамыту әлеуетін дамыту және нығайту;

- оларға халықаралық байланысты нығайту үшін жоғары оқу орындарын дамыту ж о с п а р ы н құ р у ;

- бағдарламалық қызмет нәтижелерін таратуға қолдау көрсету.

3.3. Мүдделі тұлғалар

Темпус бағдарламасы бойынша негізгі мүдделі тұлғалар жоғары оқу орындары (біліктілікті арттыру жобалары және факультеттер бойынша) және мұғалімдер (оқу

жоспарларын әзірлеу және жеке жұмылдыру жоспарлары).

Екі басқа бенефициар: студенттер (оқу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жобалардың негізінде оқу жоспарларын ұстау жақсартылатын болады, олар нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығының қажеттіліктеріне үздік жауап беруі тиіс) және кәсіпорындар (серіктестіктің арқасында университет/кәсіпорын, университеттер беретін білімнің кәсіби талаптарға жақындауы).

Жоғары білім беру министрлігі Темпустың ұлттық басымдықтарын талқылайды және анықтайды.

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

Темпус - өтінім беру ұсыныстары негізінде төменнен жоғары құрылымдалған бағдарлама. Сондықтан бағдарлама бойынша ең бастысы Темпустың Ұлттық Офистерінің ақпараттық қызметіне байланысты жергілікті жерлердегі тиісті ақпарат қажет.

3.5. Қажетті шарттар

Темпус бағдарламасы бойынша қандай да бір алдын ала шарттар жоқ.

3.6. Сабақтас мәселелер

Экологиялық ғылымдар - бұл оқу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жобалар қамтитын салалардың бірі, әйел жынысындағы тұлғалардың, атап айтқанда жеке жұмылдыру гранттары бойынша оларға басымдық бере отырып, қатысуларын ынталандырады.

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған Іс-әрекет бағдарламасының 1 және 2-бағыттарын қамтитын Қаржы Келісімінің бенефициар елдердің үкіметтерімен қол қою жолымен орталықтандырылған басқару.

Темпус бағдарламасының қаражаты Білім және мәдениет жөніндегі Бас директоратқа бөлінеді, ол Euroaid ынтымақтастығы жөніндегі Офистің басшылық етуімен Еуропа Оқыту Қорының (ETF) техникалық көмегі негізінде олардың басқаруына жауап береді. Euroaid түрлі сатыларда бағдарламаның бүкіл іске асыру барысына тартылған және жүйелік реформалау және Темпустың басқа білім беру бағдарламаларымен бірқалыптылығы мен өзара толықтыруды қамтамасыз ету жөнінде ұлттық биліктермен диалогқа жауап береді.

Бағдарлама мынадай жолдармен іске асырылады:

а) конкурстық өтінімдер рәсімі;

б) Монополдық жағдайына байланысты ETF бойынша бірыңғай тендер негізінде келісілген рәсім жолымен жасалған техникалық көмек жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт. 1994 жылдан бастап Темпус бағдарламасы бойынша арнайы техникалық көмек көрсететін ETF ұйым, бұл мемлекеттік сектор органы және институционалдық сипаты бар қызметпен байланысты. Сондықтан, Комиссия сыртқы

операцияларды іске асыру үшін белгілеген және жариялаған ережелер мен рәсімдерге сәйкес, Жалдайтын орган (Комиссияның) бірыңғай тендер негізінде келісілген рәсімді қолдануға құқығы бар;

с) Темпустың Ұлттық офистерімен (NTO) гранттың келісімдер. NTO Темпус бағдарламаларының мақсаттары үшін арнайы және өтінімдер конкурсының негізінде Комиссия мен бенефициар елдердің ұлттық биліктері арасында тығыз консультациялар негізінде әзірленді. NTO мақсаты Темпустың әрекет ету салаларын ақпараттандыру, тарату және оның мониторингі бойынша жәрдем көрсету болып табылады. Осылайша, бұл бағдарламаның жұмыс істеуіне маңызды қолдауды білдіретін болады. Іріктеу рәсімі өткен жылы өткізілді. Келісім-шарт жаңарту мүмкіндігімен бір жылға арнап әзірленді.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

Операциялық кезең Қаржы Келісіміне қол қойған сәттен бастап 36 ай.

Бірлескен еуропалық жобалар (JEP) ең жоғары ұзақтығы - 3 жыл болады, Жеке жұмылдыру гранттары (IMG) ең жоғары ұзақтығы - 2 ай, ал Құрылымдық және қосымша шаралар (SCM) ең жоғары ұзақтығы - 1 жыл болады.

Б ю д ж е т

Қазақстан Республикасы	2 000 000 еуро
Қырғызстан	2 000 000 еуро
Тәжікстан	2 000 000 еуро
Өзбекстан	2 000 000 еуро
Түрікменстан	2 000 000 еуро

Бюджеттің индикативтік баптары	ОЕ салымы	Бенефициар ел үкіметінің салымы	Басқа донорлар	Жалдаушы орган/төлемді жүзеге асыратын орган
1. Қызметтер	253 000	-	-	ЕК
1.1. Конференция (Темпус гранттарын ұстаушылардың отырысы)	33 000	-	-	ЕК
1.2. Еуропа Оқыту Қорының салымы	220 000	-	-	ЕК
2. Гранттар	9 747 000	-	-	ЕК
2.1. Өтінімдер конкурсының негізінде берілген гранттар	9 697 000	-	Жоғары оқу орындарынан тым болмағанда берілген барлық гранттар бойынша 5% бірлесіп қаржыландыру талап етіледі.	ЕК
2006 ж. Қазақстан Республикасы мен		-		ЕК

Тәжікстанның Темпус ұлттық офистеріне операциялық гранттар ¹			-	
Жиыны	10 000 000	-	-	ЕК

1
Темпустың басқа Ұлттық офистері 2003/4 іс-әрекет бағдарламасы бойынша 2 жылға арналған қаржыландыру алды

4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтке әрекет ететін Комиссия сыртқы операцияларды іске асыру үшін белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандарттық құжаттарға сәйкес жасалуы ж ә н е і с к е а с ы р ы л у ы т и і с .

Бағдарламаның бүкіл сметасы Комиссия белгілеген және бағдарламаның тиісті сметасын қабылдау сәтіне әрекет ететін рәсімдер мен стандарттық құжаттарға жауап беруі тиіс.

4.4. Мониторинг жүргізу

Мониторинг жөніндегі қызмет құжаттамалық мониторинг, превентивті мониторинг, сондай-ақ жобаларды іске асыруды жалпы қолдау сияқты келісім-шартты басқарудың стандартты функцияларын қамтиды. Мониторинг жөніндегі қызмет жобаларды қаржылық қолдауды, атап айтқанда, шығыстарды қаржылық бағалауды (жыл сайынғы және қаржылық есептерді), сот талқылаулары және жобалардың сыртқы аудитін үйлестіру үшін досье дайындауды қамтиды. Іске асырылатын бағдарламалардың он пайызы Темпус ETF Департаментінің және Комиссия персоналының жыл сайынғы м о н и т о р и н г і н е ұ ш ы р а й д ы .

Еуропа Комиссиясы және Темпус ETF Департаменті гранттарды ұстаушылар отырыстары барысында қайта іріктелген жобалардың өкілдерін оқытуды жүргізеді. Келісім-шартты басқару жөніндегі оқу материалдары мен құжаттама әзірленген және в е б с а й т т а б а р .

Мониторинг Темпустың Ұлттық офистері мен Ұлттық үйлестірушілерінің отырыстарында талқыланатын маңызды мәселе болып табылады, онда сондай-ақ мониторингтің техникалық аспектілері қамтылады, онда мониторинг саласына ерекше к ө ң і л б ө л і н е д і .

Сыртқы әсер ету мониторингін сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

4.5. Бағалау және аудит

Орта мерзімді мониторинг 2003 жылы жүргізілді. Темпус бағдарламасы ағымдағы сатының аяғында (2006 ж.) ақтық бағалауды көздейді.

Білім беру мен мәдениет жөніндегі директорат жобалардың 10%-ына жыл сайын

а у д и т

ж ү р г і з е д і .

Сыртқы бағалаулар мен аудиттерді сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

Қ о с ы м ш а л а р

- Логикалық шеңберлер

9 жобаның логикалық шеңберлері (Орталық Азия бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Темпус бағдарламасы ¹

1

Логикалық шеңберлер жоба бойынша жұмыстар басталатын кезең уақытында аяқталатын болады.

	Кедергі келтіру логикасы	Объективті бақылауға ұшырайтын индикаторлар/ жетістіктердің көрсеткіштері	Бақылау көздері	Кемшіліктер мен тәуекелдер
Жалпы мақсаты :	Темпус бағдарламасы бірқатар көмек көрсету салалары арқылы ауыспалы процеске жәрдем көрсету үшін әзірленген: Темпус бастысы университеттер арасында ынтымақтастық бағдарламасы арқылы әріптес елдерде жоғары білім беруді жаңғыртуға жәрдем көрсетеді	- Білім беру саясатының жаңа қағидаттарын әзірлеу және енгізу; олар жаңғыртылған және қазіргі заманғы реформалау қағидаттарына жауап береді	- Стратегиялық құжаттардың болуы; - Жаңа заңдар мен құқықтық құжаттар; - Газеттерде мақалалар; білім беру саясатын іске асыратын тұлғалардың сұхбаты	- Жеткіліксіз институционалдық әлеует және ұлттық жоғары білім беруді басқару органдарының қатысуы; - Министрліктерде кадрлардың жоғары тұрақтамауы; - Білім беру министрлігі дәстүрлі әлсіздердің бірі болып табылады.
Бағдарламаның мақсаты :	- жоғары оқу орындарын қайта құрылымдауға көмек көрсету; - саясат пен стратегияларды әзірлеу және іске асыру саласындағы университеттер мен білім беру саласының персоналын қолдау; - ауыспалы кезең және реформалар процесі бойынша оқытуды жүргізу және көмек көрсету; - жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын жаңғыртуға жәрдемдесу және студенттердің	- Жоғары білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, Темпустың оқыту бағдарламаларына өтініш білдірген студенттер санын арттыру, оқытуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқандар санын арттыру - Жұмыс	- Жыл сайынғы іріктеп талдау - Университеттің студенттері, мұғалімдері, персоналы және жұмыс берушілер арасында зерттеу - Университеттердің ақпараттық бюллетендері	- Жоғары оқу орындары арасында жеткіліксіз институционалдық және басқару әлеуеті; - Ескі буын реформаларды

	мұқтаждарына бағытталған оқыту әдістерін енгізу; - академиялық орталар мен басқа экономикалық қызмет субъектілері арасында желі құруды ынталандыру.	берушілердің бітірушілерге сұранысын арттыру		қабылдауға дайын емес
Нәтижелері:	- Өңірдің жоғары оқу орындары әріптес-елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени мұқтаждарына жақсы жауап бере алады; - Жоғары оқу орындарын дамыту процесіне жәрдем көрсету, сондай-ақ оларды басқаруды құру және жақсарту; - Экономикалық реформалар контекстінде қажет біліктіліктер мен дағдылар арасында, атап айтқанда, өндіріспен байланыстарды жақсарту және кеңейту жолымен сәйкестікті жақсарту; - Оқу жоспарын жаңарту	- Қайта әзірленген оқу жоспарлары мен оқу материалдарына сұранысты арттыру (студенттер тарапынан да, мұғалімдер тарапынан да); - Орталық Азия мен ЕО елдері арасында академиялық алмасулардың өскен саны. - Орындалатын саясат жөніндегі жаңа және жаңғыртылған құжаттардың болуы. - Темпустың оқыту бағдарламаларына өтініш білдірген студенттер санын арттыру. - Жоғары оқу орындарының Темпус әрекет ететін факультеттерге өтініш білдіретін мұғалімдері мен қызметкерлерінің санын арттыру; мидың ағынын азайту	- Жыл сайынғы іріктеп талдау; - Университеттің студенттері, мұғалімдері, персоналы және жұмыс берушілер арасында зерттеу - Университеттердің ақпараттық бюллетендері	
	Темпус бағдарламасы үш қызмет түрін қаржыландыратын болады - Бірлескен еуропа жобалары (JEP) JEP үш түрі бар: Оқу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жобалар, университеттерді басқару жөніндегі жобалар, институционалдық дамытуға арналған оқыту курстары. Гранттар екі немесе үш жыл ішінде ынтымақтасатын институттардың консорциумдарына бөлінетін болады (тым болмағанда қатысуға құқығы бар елдердің бір жоғары оқу			

Қызмет саласы	орны және ЕО екі мүше-елдің екі институты, олардың тым болмағанда біреуі жоғары оқу орын болуы тиіс) - Жеке жұмылдыру гранттар (I M G) Жоғары оқу орындарының мұғалімдеріне, зерттеушілеріне, оқытушыларына, әкімшілеріне, білім беру саласында жоспарлаумен айналысатын тұлғаларға және басқа да сарапшыларға арналады, бұл гранттар жоғары білім беруді дамыту мен олардың сапасын ынталандыру үшін шетелге сапарлардың шектеулі кезеңдерін қаржыландыруға бағытталған. - Құрылымдық және қосымша шаралар (SCM) Гранттар жалпы мақсаттарды қолдауға іс-әрекеттердің кейбір бірқатар қосымша салалары бойынша берілетін болады, олар өзгелерден басқа мыналарды қамтиды: - Жоғары оқу орындарын стратегиялық жоспарлау мен институцион алдық дамыту әлеуетін дамыту және нығайту ; - оларға халықаралық байланысты нығайту үшін жоғары оқу орындарын дамыту жоспарын құру; - бағдарламалық қызмет нәтижелерін таратуға қолдау көрсету			
---------------	---	--	--	--

12 ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Атауы	Институционалдық дамудағы әріптестік жөніндегі ТАСИС бағдарламасы (ИДСБ) - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан		
Жалпы құны	4,4 млн. еуро (1,4 млн.еуро ҚР үшін, 1,0 Қырғызстан үшін, 1,0 Тәжікстан үшін және 1,0 млн.еуро Өзбекстан үшін)		
Көмек көрсету әдісі	Жобалық көзқарас - орталықтандырылған басқару		
РАС-коды	15050	Сектор	Азаматтық қоғамды нығайту

1. Негіздеме

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Бағдарлама ҰЕҰ, жергілікті/өңірлік үкімет және коммерциялық емес кәсіптік ұйымдар арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық негізінде институционалдық құрылыс процесін қолдауға бағытталған.

Ол индикативтік бағдарламада анықталған тақырыптық басымдылықтар жөніндегі басшылыққа жауап береді және сондықтан, негізгі жобаларды толықтырады.

Бұдан басқа, ол ЕС-те азаматтық қоғамға назар аударылатын мағынаны білдіреді (атап айтқанда, Еуропаның болашағы туралы конвенцияның шеңберінде).

1.2. Алынған сабақтар

Бағдарламаларды бағалау әлі жүргізілген жоқ, себебі бұл жұмыс қаржыландырылған бірінші жобаларды іске асыру аяқталғанға дейін бастала алмайды (соңғысы тек 2004 жылдың соңында ғана аяқталды).

1.3. Қосымша іс-әрекеттер саласы

(1) Анықтама бойынша азаматтық қоғамды және жергілікті бастамаларды қолдау қоғамның бастапқы ұяларында пайда болады. ИДСБ бағдарламасы жергілікті қауымдастық талаптарына жауап береді. Ол ірі масштабтағы жобаларға қарағанда, "ең бастапқы деңгейде" қолдауды қамтамасыз етеді, ол сондай-ақ, бенефициар-елдерде жергілікті қауымдастықтармен тікелей байланыспен де сипатталады. Бұл тек бағдарлама мақсаттарына ғана қол жеткізгенді білдірмейді, сонымен қатар, бағдарламаға кірген жергілікті қауымдастықтар арасында ЕС-тің оң имиджін құруды да білдіреді.

(2) Шектеулі географиялық қамтуы, иерархияның төмен басымдылығы және шектеулі тақырыптық қамтуы бар жобалар өңірлік және жергілікті деңгейлерде маңызды ықпалға ие бола немесе нақты қажеттіліктерді шеше алады. Осылайша, бағдарлама мүмкін неғұрлым биік (ұлттық) деңгейде іске асырыла алмайтын жобаларды іске асыруға көмектеседі.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

ИДСБ шеңберінде донорлар қызметін үйлестіру тетігі жоқ.

2. Ел (немесе өңір) бойынша контекст

2.1. Бенефициар-елдің ынтымақтастық саясаты

Тәжікстан мен Қырғызстан Үкіметтері кедейлікті қысқарту стратегиясы жөніндегі өздерінің тиісті құжаттарын іске асыруға нақты жақтаушы екендігін көрсетті. Өзбек үкіметі 2005-2015 жылдарға арналған ПССБ (Өл-аухатты жақсарту жөніндегі стратегиялық құжат) әзірлеу мақсатында ХВҚ-мен (Халықаралық валюта қоры) және ДБ-мен (Дүниежүзілік банк) мән-мағыналы келіссөздер өткізді. ҚР Үкіметі өткендегі "ҚР-дағы кедейлік аспектілері" атты есепті дайындаған кезде ДБ-мен жұмыс істесті, ол

қазіргі сәтте ҚР Экономика министрлігінде әзірленіп жатқан алдағы кедейлікті төмендету және аумақтық даму бағдарламалары бойынша маңызды үлесін қосады деп күтілуде.

2.2. Секторлық контекст

Орталық Азияның әрбір елі түрлі нақты проблемаларға жолыкса да, тұтастай алғанда, олар жалпы даму проблемаларына жолығып отыр. Демократиялық қоғамға жай ауысу, адам құқықтарын сақтаудағы тиянақсыздық, әлеуметтік қызметтер әрең шешетін демографиялық жағдай, нарықтық реформаларды жай іске асыру, бизнес пен инвестицияны жүргізуге қолайсыз жағдай, кірістер деңгейінде кеңейіп жатқан диспаритет және кедейлік - бұл Орталық Азияның барлық елдері бастан кешіп отырған проблема. Азаматтық қоғамды құру түрлі кедергілермен тежеліп отыр. Әлсіз әкімшілік басқару, тиімсіз мемлекеттік басқару нақты проблемалар болып табылады. Адам құқығы мәселесі үлкен алаңдатушылық танытып отыр.

3. Сипаттау

3.1. Мақсаттар

Ж а л п ы м а қ с а т т а р

- Жергілікті деңгейде демократиялық институттар мен азаматтық қоғам институттарын нығайту.

- Жергілікті деңгейде нарықтық экономикаға көшуге жәрдемдесу, себебі жергілікті қауымдастықтар негізгі процестерден шетте қалып қояды және жаңа нарықтық ережелерге үйрену қиынға түседі.

- Транзиттік кезеңнің әлеуметтік салдарларын шешу, себебі оның салдарлары толығымен бастапқы деңгейде сезіледі.

- Институционалдық потенциалды қолдау, себебі тек жұмыс істейтін және транспарентті жергілікті/өңірлік институттар, Үкіметтік емес ұйымдар және қауымдастықтар ғана олардың дауыстарына құлақ асуға қол жеткізе және халықтың мұқтаждарына жауап бере алады.

- Жергілікті қоғамдастықтарда заңдардың сақталуына септігін тигізу, себебі өтпелі кезең процесінде қоғамдастыққа тек қоғамдастық пен үкімет сақтайтын нормалар мен ережелер ғана көмектесе алады.

Н а қ т ы м а қ с а т т а р

- Жергілікті және өңірлік биліктердің біліктілігін арттыру, олар үйренісу, даму және жаңа міндеттемелерін орындай алуы үшін жергілікті қоғамдастықтың халқына қызметтер көрсету және оларды басқару.

- Өз мүдделерін қорғауға және ұстануға және баламалы қызметтерді жеткізуші есебінде әрекет етуге көмектесу үшін азаматтық қоғамның ұйымдарын қолдау.

- Олар шешім қабылдау процесінен кейін өз потенциалын іске асыра алуы үшін Азаматтық қоғам ұйымдарының потенциалын арттыру.

- Мемлекеттің орталық мемлекеттік органдарының әріптесі ретінде демократиялық

қоғам және Азаматтық қоғамның рөлі мәселелері бойынша Еуропада және Өзбекстанда мүдделі тараптар мен жергілікті қоғамдастықтардың өзара түсіністігін және ақпарат беруді арттыру.

- ЕО-да және Өзбекстанда азаматтық қоғам ұйымдары мен жергілікті билік арасында ынтымақтастықты жақсарту.

- Халықаралық келісімдерде көзделген шешімдерді жергілікті деңгейде іске асыру.

- Өзбекстан халқының жоқ-жітік тобының өміршендік деңгейін арттыру жөніндегі шешімдерді анықтау және іске асыру.

- Жергілікті халықты қамтитын мақсатты инновациялық көзқарастарды, стратегияларды, принциптерді және тиісті әдіснамаларды іске асыру.

3.2. Күтілетін нәтижелер және қызметтің негізгі салалары

Жобаны ЕО-ның әріптес ұйымдарымен Орталық Азияның ұйымдарымен/жергілікті институттарымен бірлесіп орындау құпталатын болады. Жоба бірлескен іс-әрекеттер негізінде нақты мақсаттарға (мысалы, іс-әрекеттің/қызметтің жаңа саласын құру) қол жеткізуге бағытталған. Сондай-ақ, жергілікті әріптесті күшейту және нәтижелер мен жобаға қатысатын ұйымдардың тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Ықтимал қатысушылардың, іс-әрекеттің түрлі салаларын қоса алғанда, жобаларды ұсынуы, бұл қорытындысында тұрақты ноу-хау беруді қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттер саласы, әдетте, біліктілікті арттыру саласында белгілі нәтижелерге, сондай-ақ халық үшін сезілмелі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Негізгі іс-әрекеттер салалары (толық емес тізім):

(1) Орында оқыту

(2) ЕО-ның бір елінде оқыту

(3) Жұмыс орындарына орналастыру, оқу үшін жол жүрулер

(4) Семинарлар, оқу семинарлары, конференциялар

(5) Жарияланымдар

(6) Ақпарат беруді арттыру жөніндегі компаниялар

3.3. Мүдделі тұлғалар

Бағдарлама орнында ұйымның және жергілікті институттардың кең ауқымына қолдау көрсетеді, олар үш санатқа бөлінеді:

- Ү Е Ұ

- Коммерциялық емес кәсіптік ұйымдар

- Жергілікті және өңірлік биліктер

Олар жақында ғана құрылған немесе өз рөлін қайтадан анықтап жатыр, атап айтқанда, орталық мемлекеттік органдарға қатысты. Аралас әріптестікке рұқсат беріледі және көтермеленеді (түрлі санаттағы әріптестерді қоса алғанда).

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

Бағдарлама ЕО ұйымдары және/немесе PHARE бағдарламасына қатысуға құқығы бар немесе Орталық Азияның елдері арасындағы әріптестік негізінде жүзеге асырылады. Әріптестік тұжырымдамасы, түрлі контексте болғанымен, ЕО мен Орталық Азияның әріптес ұйымдарының мақсаттары ұқсас және өздерінің күнделікті жұмыстарында ұқсас проблемаларға жолығады деп ойлайды. Әріптестер бірлесіп мақсаттарды анықтауға, жобаны әзірлеуге және қол жеткізілуі тиіс нәтижелерді анықтауға міндеттенеді деп болжамданады.

Өңірдің көпшілік елдерінің орталық мемлекеттік органдары өз өкілеттіктерін шоғырландыруға жұмыс жасады - көбінесе азаматтық қоғамды дамытуға, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығына, жергілікті билік органдарына және адам құқығы саласында халықаралық міндеттемелерді орындауға зиян келтіре отырып. Сондықтан, жаңадан туындап жатқан азаматтық қоғам түрлі кедергілерге тап болады. Әлсіз әкімшіліктендіру, тиімсіз мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлық кезекті проблемалар болып табылады.

3.5. Қажетті шарттар

Бағдарлама 100 000 бастап 200 000 еуроға дейін немесе жобалардың жалпы құнының 80% мөлшеріндегі гранттармен бірлесіп қаржыландыру негізінде жеке ж о б а л а р д ы қ а р ж ы л а н д ы р а д ы .

3.6. Сабақтас мәселелер

Өзінің табиғаты жағынан ИДСБ - экологиялық мәселелерді, гендерлік мәселелерді, тиімді мемлекеттік басқару және адам құқығы мәселелерін қамти алатын сабақтас бағдарлама.

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Бенефициар елдер үкіметінің Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекеттер бағдарламасының шеңберінде 2-Бағыттың құрауышын қамтитын Іс-әрекеттер салалары бойынша Қаржылық келісімге қол қоюы арқылы ор т а л ы қ т а н д ы р ы л ғ а н б а с қ а р у .

Іске асыруды өткізілген тендер негізінде қызметтер көрсетуге келісім-шартқа қол қою арқылы Еуропа Комиссиясы жүргізетін болады.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

Бюджеттің бабы	ЕО салымы	Бенефициар ел үкіметінің үлесі	Басқа донорлар	Жалдаушы орган/ төлемді жүзеге асыраушы орган
Гранттар		-	-	ЕО
ҚР үшін конкурстық өтінімдер негізіндегі гранттар	1 400 000			ЕО

Қырғызстан үшін конкурстық өтінімдер негізіндегі гранттар	1 000 000			ЕО
Тәжікстан үшін конкурстық өтінімдер негізіндегі гранттар	1 000 000			ЕО
Өзбекстан үшін конкурстық өтінімдер негізіндегі гранттар	1 000 000			ЕО
Жиыны	4 400 000	-	-	ЕО

Жұмыстардың ұзақтығы Қаржы Келісіміне қол қойылған күннен бастап ең көбі 36 а й д ы қ ұ р а й д ы .

Келісім-шарттың индикативтік ұзақтығы 18 айдан 24 айға дейінді құрайды.

4.3. Сатып алу және гранттарды беру рәсімдері

Қаржы келісімін іске асыруға арналған барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған сыртқы операцияларды іске асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және і с к е а с ы р ы л у ы т и і с .

Бағдарламаның барлық сметалары Комиссия белгілеген және тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған рәсімдер мен стандартты құжаттарға жауап беруі қажет

4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты процес ретінде үнемі мониторинг жүргізу Комиссия міндеттерінің бірі болады. Сыртқы ықпал мониторингін ЕО ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

4.5. Бағалау және аудит

Іріктелген гранттарды алушылармен келісім-шарт келісімдерінің ажырамас бөлігі бағалау (орта мерзімді, финалдық және кейінгі), сондай-ақ аудит туралы келісім б о л а д ы .

Сыртқы бағалаулар мен аудиттерді ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

Қ о с ы м ш а л а р

- ЛОГИКАЛЫҚ ШЕҢБЕРЛЕР

12 жобаның логикалық шеңберлері (Орта Азия бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Институционалдық дамудағы серіктестік жөніндегі ТАСИС бағдарламасы (ИДСБ) - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан ¹

Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар жоба бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде анықталатын болады

	Араласу логикасы	Объективті бақылауға берілетін индикаторлар /жетістіктер көрсеткіші	Бақылау көздері	Жол берулер мен тәуекелдер
Жалпы мақсаты :	ЕО және Орталық Азияның ҰЕҰ, коммерциялық емес кәсіптік ұйымдар және жергілікті/өңірлік үкіметтермен әріптестік арқылы институционалдық даму процесін қолдау	ЕО және Орталық Азияның азаматтық қоғам ұйымдары а р қ ы л ы ынтымақтастықты нығайту	Бағдарламаны бағалау	
Жобаның мақсаты :	- Жергілікті деңгейде демократиялық институттар мен азаматтық қоғам институттарын нығайту. - Жергілікті деңгейде нарықтық экономикаға көшуге жәрдемдесу. - Жергілікті деңгейде транзиттік кезеңнің әлеуметтік салдарларын шешу. - Институционалдық потенциалды қолдау. - Жергілікті деңгейде заңдылықты сақтау	- Бастамаларды дамыту жергілікті деңгейде туындайды. - Институттарды нығайту. - Демократияны нығайту жөніндегі потенциалды арттыру. - Заңнамалар мен халықаралық келісімдерді іске асыруды жақсарту	Бағдарламаны бағалау	- Жергілікті мұқтаждар мен болжамдарды, сондай-ақ ұсынылған шешімдер сәйкестігін түзетілген бағалау; - Мүдделі тараптар ынтымақтастыққа дайын (яғни, жергілікті және өңірлік үкіметтер, жергілікті қауымдастықтар, жергілікті ҰЕҰ, кәсіптік ұйымдар, басқару тиісті донорлар мен даму жөніндегі агенттіктер, ОЕ мүше мемлекеттерін қоса алғанда) - Орталық Азия елдеріндегі саяси және экономикалық тұрақтылық, мәдениет, саясат және экономика деңгейіндегі өзара қызығушылық пен байланыстың өсуін дамыту
	- Жергілікті және өңірлік биліктердің біліктілігін арттыру, олар үйренісу, даму және жаңа міндеттемелерін орындай алуы үшін жергілікті қоғамдастық халқына қызметтер көрсету және оларды басқару. - Өз мүдделерін қорғауға			

Нәтижелері:

және ұстануға және баламалы қызметтерді жеткізуші есебінде әрекет етуге көмектесу үшін азаматтық қоғамның ұйымдарын қолдау.

- Олар шешім қабылдау процесінен кейін өз потенциалын іске асыра алуы үшін Азаматтық қоғам ұйымдарының потенциалын арттыру.

- Мемлекеттің орталық мемлекеттік органдарының әріптесі ретінде сапасы демократиялық қоғам және Азаматтық қоғамның рөлі мәселелері бойынша Еуропада және Орталық Азияда мүдделі тараптар мен жергілікті қоғамдастықтардың өзара түсіністігін және ақпарат беруді арттыру.

- ЕО және Орталық Азияда азаматтық қоғам ұйымдарымен жергілікті билік арасында ынтымақтастықты жақсарту.

- Халықаралық келісімдерде көзделген шешімдерді жергілікті деңгейде іске асыру.

- Орталық Азия халқының жоқ-жітік тобының өміршеңдік деңгейін арттыру жөніндегі шешімдерді анықтау және іске асыру.

- Жергілікті халықты қамтитын мақсатты инновациялық көзқарастарды, стратегияларды, принциптерді және тиісті әдіснамаларды іске асыру.

- Жобалар орындалуы мүмкін, күшті серіктестік негізінде оң әсерін тигізе алады

- Алынған жобалық ұсыныстардың сапасы мен саны.

- ЕО қаржыландырғаннан кейін де өз қызметтерін жалғастыратын әріптестіктерді қоса алғанда, құрылған әріптестіктердің саны мен сапасы.

- Іске асырылған инновациялық жобалардың саны мен сапасы

- Оқуға, тұрақты принциптерге, жоспарлау/даму процестеріне қатысты іске асырылған жобалардың саны мен сапасы

- Халықтың жоқ-жітік топтарын қамтитын жобалардың саны мен сапасы

- Жергілікті қауымдастықтардың қатысуын көздейтін жобалардың саны мен сапасы

- Халықаралық келісімдердің мақсаттарын орындауға бағытталған жобалардың саны мен сапасы

- Оң имидж жасауға және ақпарат беруді арттыруға бағытталған жобалардың саны мен сапасы

- Бағдарламалар мен жобалар бойынша есептер;

- Бағдарламалар мен жобалар мониторингі/бағалау;

- Миссия есептері;

- Бағдарлама бойынша статистика

- Ақпаратты тиімді тарату және Еуропа мен Орталық Азияның мүдделі тараптары, сондай-ақ оларды қолдайтын ұйымдар арасында бағдарлама ұсынатын мүмкіндіктерге қатысты насихаттау.

- Бірқатар жақсы ұсыныстар берілді және іріктелген ұсыныстар тиімді іске асырылды

- Орталық Азияның үкіметі жобалық қызметті және оның нәтижелерін қолдайды.

- Жобаны әкімшіліктендірудің тиімді жұмысы.

- Бағдарлама барысында құрылған әріптестік жұмысты жалғастыру үшін елеулі өзінің қаражатын салуға дайын.

Қазақстан үшін
бюджет: 1 400 000

Қызмет саласы	- Орнында оқыту - ЕО-ның бір елінде оқыту - Жұмысқа орындарына орналастыру, оқу үшін жол жүрулер - Семинарлар, оқу семинарлары, конференциялар - Жарияланымдар - Ақпарат беруді арттыру жөніндегі компаниялар - Жобаны іске асыру үшін қажет жабдықтарды сатып алу		еуро (+/- 7 қаржыландырылатын жобалар) Қырғызстан үшін бюджет: 1 000 000 еуро (+/-5 қаржыландырылатын жобалар) Өзбекстан үшін бюджет: 1 000 000 еуро (+/-5 қаржыландырылатын жобалар) Тәжікстан үшін бюджет: 1 000 000 еуро (+/-5 қаржыландырылатын жобалар)	Мынадай тақырыптарға жеткілікті қызығушылық танытылған: - Әкімшілік реформалар мәселелері; - Жергілікті экономикалық даму мәселелері; - Әлеуметтік реформалар мәселелері.
---------------	--	--	---	--

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламаларға өңірлік қолдау) - Қазақстан" жөніндегі қаржылық келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесі

Еуропалық тараптың түсіндірмелерін негізге ала отырып, қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламаларға өңірлік қолдау) - Қазақстан" қаржылық келісімнің (бұдан әрі - Қаржылық келісім) кейбір нормаларын мынадай тәртіппен түсінетін болады.

1. "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (2-бағыт: ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламаларға өңірлік қолдау) - Қазақстан" атауындағы "2005" деп тараптармен келісілген жобаларды болашақта іске асыру үшін еуропалық тарап Еуропалық Қоғамдастықтардың бюджетінде қаражат көздеген жыл түсініледі.

2. Қаржылық келісімнің 2-бабында көзделген қаржы қаражатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қаржылық келісімнің II қосымшасында көзделген міндеттерді іске асыру үшін Комиссия айқындаған үшінші тұлғаларға береді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) көрсетілген қаржы қаражатын алмайды және оларды басқаруға қатыспайды.

3. Қаржылық келісімнің 3-бабының 3.1-тармағының ережесі Үкімет бағдарламаға қаржылай үлес қоспайды және 7-баптың 7.2-тармағының нормаларына сәйкес бұл

ереже Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 2-бабының 2.2 және 2.3-тармақтарындағы ережелерден басым болады дегенді білдіреді.

4. Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасында көрсетілген "3.1-бап" Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 3-бабының 3.1-тармағына сілтеме дегенді білдіреді.

Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасының ережесі жоба шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде Еуропалық Қоғамдастықтар рәсімдеріне сәйкес Комиссия Үкімет мүддесінде әрекет етеді дегенді білдіреді. Бұл ретте, Үкімет Комиссияның жоба шеңберіндегі іс-әрекеті үшін үшінші тұлға алдында жауапты болмайды.

5. Қаржылық келісімдегі "қаржылық субсидиялар" термині Комиссия Үкіметке өтеусіз негізде беретін көмек ретінде түсініледі. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасына берілетін Комиссия гранттары (қаржылық субсидиялар) Үкіметтің Комиссиядан одан әрі қарыз алуын және мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды көздемейді.

6. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 8-бабының 8.2-тармағының ережесі (Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.2) тармақшасын ескере отырып) еуропалық тараптан грант алатындар болмайды дегенді білдіреді.

7. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 9-бабының 9.1 және 9.2- тармақтарының ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген техникалық көмектерді (гранттарды) салықтық, кедендік және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерден босату Еуропалық Қоғамдастықтың техникалық көмегіне (гранттарына) де қолданылады дегенді білдіреді.

8. Бағдарламаны іске асыру үшін Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 5, 6, 7, 12 және 13-баптарының ережелерінде көзделген келісім-шарттар мен гранттарды беруді Комиссия Еуропалық Қоғамдастықтардың рәсімдеріне сәйкес дербес жүзеге асырады.

9. Үкімет Қаржылық келісімде көзделген қаржы қаражатын алмайтындықтан және оларды басқаруға қатыспайтындықтан, Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 14 және 15-баптарының ережелері Үкімет Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес Комиссиямен осы Қаржылық келісімді іске асыру барысында бұзушылықтар, алаяқтық іс-әрекеттер және сыбайлас жемқорлық туындаған жағдайда оларды болдырмау мәселелері бойынша ынтымақтастық жасайды дегенді білдіреді.

10. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Қаржылық келісімге өзгерістер енгізілгенге, оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға немесе тоқтатылғанға дейін Тараптар бірімен бірі тиісті консультациялар жүргізеді дегенді білдіреді. Қаржылық келісімге түзетулер енгізуді Тараптар өзара келісім бойынша жүзеге асырады. Тараптың Қаржылық келісімді тоқтату туралы шешімі екінші Тарапқа хабарланғаннан кейін екі ай өткен соң күшіне енеді.

РҚАО-ның ескертуі. Ағылшын тіліндегі мәтінді қағаздағы нұсқадан қараңыз.